

Пәннің аты:қазақ тілі	Уақыты:17.01.2017	Кабинет:40	Мұғалім:Калиева А.А.
Сабақтың атауы	Жұрнақ пен жалғау		
Мақсаты	<p>Сабақтың мақсаты:</p> <p>1.Сөз туралы ұғым пысықталады.Оқушылар қосымшалардың қызметтері әр түрлі болатынын байқайды,сол арқылы жұрнақ пен жалғау туралы түсінік алады.</p> <p>2.Оқушылар ойлауын, алған білім, білік, дағдыны қолдану дағдыларын дамытады. Сөз, сөздердің жазылуы туралы алған білімдері дамытылады.</p> <p>3.Оқушылар білімділікке, ұйымшылдыққа, еңбекқорлыққа, бірін-бірі сыйлауға тәрбиеленеді.</p> <p>Сабақтың типі: жаңа сабақ</p> <p>Сабақтың түрі: жаңа білімді меңгерту сабағы</p> <p>Қолданылатын әдістер: түсіндіру, миға шабуыл, анализ жасау, сұрақ-жауап, рефлексия.</p> <p>Көрнекі құралдыр: интерактивті тақта, слайд, үлестірмелі парақшалар.</p>		
Психологиялық ахуал	<p>Күн күлімдеп нұр төкті, бізге жолдап...</p> <p><i>Балалар:</i> Сәлем!</p> <p>Жақсы сөздер нұр септі, бізге жолдап...</p> <p><i>Балалар:</i> Сәлем!</p> <p>Еске сақтап кеңесті, достарға сыйла...</p> <p><i>Балалар:</i> Сәлем!</p> <p>Кел,қосылып айтайық бір-бірімізге...</p> <p><i>Балалар:</i> Сәлем!</p>		
Қызығушылықты ояту	<p>*Үй тапсырмасын тексеру.</p> <p>281 - жаттығу.Өзің қалаған тақырыпқа шығарма жазу.</p> <p>*Дидактикалық ойын. «Көбелектерді өз гүліне қондыр»</p> <p>* Өткенді пысықтау.</p> <p>Түбір мен қосымшаның ережесін сұрау.</p> <p>Миға шабуыл.</p> <p>Бір шал мен кемпірдің Жалқаубек деген немересі сабаққа барғанда қазақ тілін,ана тілін түсіне бермейді екен,сөйлей де алмайды екен. Мұның себебі, оның сөздік қоры тым тапшы болыпты. Ал оның досы Талапбек сабақты жақсы оқыпты. Жалқаубек одан көмек сұрап, қазақ тілін үйренбекші болады. Сөйтіп, Талапбек пен Жалқаубек сөз әлеміне саяхатқа аттанады. Онда кіру үшін мына қақпадан өту керек. Ол қақпа сұрақтар қояды. Сұрақтарға жауап берсе, қақпа ашылады.</p> <p>Теңіз де тартылады, Мұхит та сарқылады. Құлайды орман - тоғай, Қирайды орда - сарай. Жер болып тау шөгеді, Жайқалған бау семеді. Көз жастан қақ қалады Сонда, не сақталады? Мәңгілік сөз сақталады. -Мәңгілік өлмейтін тек сөз екен. - Сөз неден құралады? (Дыбыстан) - Буын неден құралады? (Дыбыстардан) - Сөз нені білдіреді? (Ол белгілі ұғымды, заттың, құбылыстың, адамның атын, қимылын, сынын,санын білдіреді.) - Міне, балалар дұрыс жауап бердік.</p>		



	<p>Қақпамыздың есігі ашылды. - Қосымша туралы не білесің? Бұл сұраққа Жалқаубек мүлдем жауап бере алмайды. Олай болса, бүгін сендермен қосымша туралы білімімізді кеңейтейік.</p>
<p>Мағынаны тану</p>	<p>*Жаңа сабақ Қане, бірге бәріміз Көзімізді жұмамыз. Өтіп тау мен өзеннен, Бір елге жетіп қонамыз! Қосымша деп аталар Бұл елде мүлде бейтаныс. Біз білмейтін, балалар Қосымшаның түрі бар. Жаңа сөздер жасайтын, Жұрнақ атты ұлы бар. Сөз бен сөзді қосатын, Жалғау атты қызы бар.</p> <p>*Слайд арқылы сызбаны көрсету. *Суретпен жұмыс. - Мынау не? - Бүркіт - Ал енді осы сөзге қосымша қосып көрейікші. - Бүркітші. - Бүркітші деген сөз нені білдіреді? - Бүркітпен аң аулайтын адамды білдіреді. - Көрдiңдер ме, бiр қосымша қосып едiк, сөз мүлде өзгерiп, басқа нәрсенi бiлдiрiп кеттi. Яғни жаңа сөз жасалды. Ал енді «бүркіт» сөзіне басқа бір қосымша жалғап көрейік: бүркіт+пен. Мысалы: Аңды бүркітпен аулайды. Бұл алдындағы сөзден мүлде басқа мағынаны білдіретін жаңа сөз бе? - Жоқ - Сөз бен сөзді байланыстырады. Демек, қосымшалар әр түрлі қызмет атқарады екен. Түбір сөзге кейбір қосымшалар қосылғанда мүлдем басқа мағыналы жаңа сөздер пайда болады да, кейбір қосымшалар жалғаған кезде жаңа сөз емес, басқа сөзбен байланысуға дайын сөз пайда болады. Қосымша жұрнақ, жалғау болып екіге бөлінеді.</p> <p>Ереже: <i>Сөз мағынасын өзгертіп тұрған қосымшаны жұрнақ дейміз: жұмыс - жұмысшы, ойын - ойыншық.</i> <i>Сөз бен сөзді байланыстыратын қосымшаны жалғау дейміз: жұмыс - жұмыста, ойын - ойынға.</i></p> <p>*Дәптермен жұмыс. Қаңтардың он жетісі Көркем жазу Ғғ Жұрнақ пен жалғау.</p> <p>*Оқулықпен жұмыс. 282 - жаттығу. Берілген қосымшалардың қайсысын қай сөзге қосып айтуға болады. Суға, суды, сулық, сусын, сула. Тазалық, тазала. Бүркітші, бүркітпен, бүркітті, бүркіттер Қосымшалы сөздерге сұрақ қойып, мағыналарының өзгерген -</p>




Бағалау	Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау
---------	---------------------------------------

Тексерді:

Пәннің аты:қазақ тілі	Уақыты:18.01.2017	Кабинет:40	Мұғалім:Калиева А.А.
Сабақтың атауы	Жұрнақ пен жалғау		
Мақсаты	<p>Сабақтың мақсаты:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Оқушылар өткен сабақта алған түсініктерін кеңейтеді және жаңа сөз жасайтын қосымшалар мен сөздерді бір-бірімен байланыстыратын қосымшалардың арасындағы айырмашылықты меңгереді. 2.Оқушылар ойлауын, алған білім, білік, дағдыны қолдану дағдыларын дамытады 3.Оқушылар білімділікке, ұйымшылдыққа, еңбекқорлыққа, бірін-бірі сыйлауға тәрбиеленеді. <p>Сабақтың типі: бекіту сабақ Сабақтың түрі: жаңа білімді меңгерту сабағы Қолданылатын әдістер: түсіндіру, миға шабуыл, анализ жасау, сұрақ-жауап, рефлексия. Көрнекі құралдыр: интерактивті тақта, слайд, үлестірмелі парақшалар.</p>		
Психологиялық ахуал	<p>Күн күлімдеп нұр төкті, бізге жолдап... <i>Балалар:</i> Сәлем! Жақсы сөздер нұр септі, бізге жолдап... <i>Балалар:</i> Сәлем! Еске сақтап кеңесті, достарға сыйла... <i>Балалар:</i> Сәлем! Кел,қосылып айтайық бір-бірімізге... <i>Балалар:</i> Сәлем!</p>		
Қызығушылықты ояту	<p>*Үй тапсырмасын тексеру. 286 - жаттығу. <i>Берілген жаттығулардың дұрыс орындалуын тексеру.</i> <i>Жұмбақ сөздерді табу арқылы үй тапсырмасын бекіту.</i> *Екі әріптен құралып, Жүруші едім мал болып. Жалғанды да бір әріп, Шыға келдім шал болып. (Ат-ата) *Алғашқыда балық аулар Балықшының құралы едім. Жалғанды да бір әріп, Бәрін жұтар ... болдым. (Ау-ауа) *Үш әріптен құралған Ұшып жүрген құспын. «Ақ» түсін сен жалғасаң, Бір ұлт болып шықтым. (қаз-ақ) -Жұрнақ дегеніміз не? -Жалғау дегеніміз не? *Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау. -Бүгін,жұрнақ пен жалғау туралы алған білімімізді жалғастырамыз.</p>		
Мағынаны тану	<p>*Жаңа сабақ Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде қалың орманның ортасындағы зәулім үйде Қосымша деген атайдың екі немересі өмір сүріпті. Біреуінің аты-Жұрнақ, екіншісінің аты-Жалғау екен. Олар бірге ағаш жарып, бірге су тасып тату өмір сүріпті.Бір күні бұлардың үйіне Түбір деген атасының досы қонаққа келіпті. Атас екі немересін орманнан жидек теріп келуге жұмсапты. Бірақ балалардың ешқайсысы да орманға барғысы келмейді. Екеуі де Түбір атайдың әңгімесін тыңдағылары келіпті. Сонда атасы оларға тапсырма беріп, кім осы тапсырманы дұрыс орындаса, сол Түбір атайдың қасында қалады,- дейді. Бұл шешімге екеуі де келіседі. -Біз енді осы балаларға тапсырмаларын тезірек орындауларына көмектесу үшін,жұрнақ пен жалғау туралы алған білімізді еске түсіріп алайық.</p>		



	<p>-Ал,қане,балалар: Сөздің бар ғой сан қыры, Жанд етейік жансызды <i>Жұрнақ,жалғау</i> арқылы. *Терме диктант. Жұрнақ жалғанған сөзді бір жолға,жалғау жалғанған сөзді бір жолға теріп жаз. <i>Батылдық,кітаптар,білім,балалық,күйші,айға,далаға,байлық, қораны,баланы.</i> *Дәптермен жұмыс. Көркем жазу Дд Жұрнақ пен жалғау. *Оқулықпен жұмыс. 287 - жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жаз.Жалғауларды тап. 288 - жаттығу. Төмендегі сөздерге тұсындағы жұрнақтардың тиістісін жалғап жа <i>Биші,қобызшы,көпшіл,сауықшыл.</i> <i>Іскер,орындық,талапкер,көлшік.</i> <i>Қысқы,арбалы,түнгі,жазғы.</i> *Түбір сөздердің мағыналары жұрнақ жалғанғанда қалай кзгергенін айт.</p>
Сергіту сәті	<p>Орнымыздан тұрамыз Алақанды ұрамыз. Бір отырып, бір тұрып Тынығып дем аламыз</p>
Ой толғанys	<p>289-жаттығу.Сөздерге жалғанған қосымшаның жұрнақ екенін дәлелде. 290 - жаттығу. Ребусты шеш.Шешуіндегі сөзді қатыстырып сөйлем құра. Шешуі: оқулық Оқулықты жыртпай ,таза ұстау әр баланың міндеті. Сабақты қорытындылау: Тест тапсырмалары: 1.Жалғау жалғанған сөзді тап. А) зейнеткер Ә) қобызшы Б) гүлді 2. Жұрнақ жалғанған сөзді тап. А) көлдер Ә) батырлық Б) досым 3. Қосымшаның неше түрі бар? А) 4 Ә) 2 Б) 3 4. Түбірге жұрнақ пен жалғаудың қайсысы бұрын жалғанады? А) жұрнақ Ә) жалғау Б) қосымша 5. Жұрнақ деген не? А) сөз бен сөзді байланыстыратын қосымша Ә) сөз мағынасын өзгертетін қосымша Б) түбір сөзге жалғанатын қосымша</p>
Үйге тапсырма	105-бет, 291 - жаттығу.
Бағалау	<u>Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау</u>
Кері байланыс	

Тексерді: